

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы.

Білім беру ұйымы МКҚК №15 «Әлия» бөбекжайы.

Топ № 1 «Балапан» кіші тобы.

Балалардың жасы 2-3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі 20 -24 наурыз 2023 жыл.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 20.03.2023.	Сейсенбі 21.03.2023.	Сәрсенбі 22.03.2023.	Бейсенбі 23.03.2023.	Жұма 24.03.2023.
Балаларды қабылдау	Таңертен балалармен амандасып, топқа кіргізу. «Саусак жаттығуы» Бас бармағым – алғашқы, Балаң үйрек – жалғасы. Ортан терек – ағасы, Шылдыр шүмек – нағашы, Кішкентай бөбек – балақан, Бәріне ортақ – алақан. Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен таныстыру				Балаларды жақсы көңіл –күймен қабылдап, бүгінгі көңіл- күйлерін сұрау. Балаларға такпакты қайталату арқылы қимылдар жасау. Тыныс алу жаттығуы Демді ішке тартайық Енді «Ү-п» деп айтайық. Демді шығар қайтарып. Музыка

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Құрастыру «Киіз үй» Мақсаты: Балаларға киіз үй туралы түсінік беру. Киіз үй бөліктерімен таныстыру.				Көркем әдебиет «Әз, наурызым армысын!» Мақсаты: Наурыз туралы туралы түсінік беру.
Танертенгі жаттығу	Картотека № 14 (құралмен) «Орындықта доппен жаттығу» Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап жай жүреді, жүгіреді. 1,5 мин Б.к. орындықта отырып, допты тізе үстіне қою; допты жоғары көтеру, 3-4 рет б.к. келу; Б.к. қолды созып, допты алға ұстау; 3-4 рет оңға, солға бұрылу; 3-4 рет б.к. Б.к. Алға еңкейіп, допты еденге тигізу; б.к. Аяқ арасы ашық, қолда доп Қолды алға созып отырып тұру 3-4 рет Б.к келу б.к. Доппен секіру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау.				Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету. Нан туралы тақпақ Нан қиқымын шашпандар,

	Жегеніміз нан болсын! Айтарымыз ән болсын! Тамақ берген апайға, Айтарымыз оң болсын! Әумин!				Жерде жатса баспандар Теріп алып, кастерлеп Торғайларға тастандар! Мақсаты: Балаларға таңғы астың , нанның маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. Құрастыру «Сикырлы қораптар» Мақсаты: Сикырлы қораптар туралы түсінік беру. Құрастыруға қалыптастыру. Қауіпсіздік шараларымен таныстыру.				Қоршаған ортамен таныстыру «Жаттығулар жасайық» Тез қозғалып осылай Жаттығулар жасайық. Жаксылықты үйреніп, Жамандықтан қашайық.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша	Дене шынықтыру № 71. Білім саласы: Денсаулық Бөлімі: Денешынықтыру Тақырыбы:				Дене шынықтыру № 72. Таза ауада Білім саласы: Денсаулық Бөлімі: Денешынықтыру Тақырыбы: Дәлдеп лақтырамыз

ұйымдастырылған іс-әрекет	Құртақан қонаққа келеді Негізгі қимылдар: бірнеше сызық арқылы ұзындыққа секіру. Түрлі бағытта жүгіру Мақсаты: секіре алу және жүгіру дағдыларын бекіту. Міндеттері: бір орыннан бірнеше сызық арқылы ұзындыққа секіруді жаттықтыруды жалғастыру; итерілген кезде табанды дұрыс қою, өкшемен түсіп барып бүкіл табанға ауысу білігін бекіту. Түрлі бағытта жүгіру білігін бекіту, төзімділікті, кеңістікте бағдарлауды дамыту, жүруден жүгіруге және керісінше орындау білігін жетілдіру. Сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу, санамақ мәтініне				Негізгі қимылдар: көлбеу қойылған нысанаға 100 см қашықтықтан лақтыру. Мұз жолда сырғанау: ересектер балаларды қолдарынан ұстап сырғанату. Мақсаты: қол мен аяқ қозғалысының үйлесімділігін, лақтыру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: көлбеу қойылған нысанаға 100 см қашықтықтан текшелерді лақтыруды үйретуді жалғастыру, сенсомоторлық кеңістікте «көз–қол» үйлесімділігін дамыту. Спорттық жаттығуларды орындау барысында тепе-теңдікті сақтай білу біліктерін дамыту. Сөздік қорларын кеңейту. Жалпы төзімділік, ұйымшылдық, зейін секілді қабілеттерін тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қоңырау» Мақсаты: сенсомоторлық үйлесімділігін дамыту. Сөздік қорларын кеңейту. Жалпы төзімділік, ұйымшылдық, зейін секілді қабілеттерін тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Жасайды: көлбеу қойылған нысанаға 100 см қашықтықтан
---	--	--	--	--	---

	сәйкес қимылдарды орындау біліктерін, залда айналысу ынтасын дамыту. Ойын: «Сылдырмаққа дейін еңбектеп бар» Мақсаты: алақаны мен табанын үйлесімді қозғап еңбектеуге жаттықтыру, үйлесімділігін дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: колшамдармен ЖДЖ, бірнеше сызық арқылы бір орыннан ұзындыққа секіруді, ырғақты шапалақтауды; Түсінеді: педагогтің көмегімен қатарға тұруды, қолына заттарды ұстап жүруді, түрлі бағытта жүруді; Қолданады: қолына заттарды ұстап, бір-бірден тізбекпен жүру дағдыларын, алақан мен тізеге				лақтыру. Мұз жолда сырғанау: ересектер балалардың қолдарынан ұстап сырғанатуды; Түсінеді: алаң ішінде жүріп, тығылған затты табу үшін тапсырмаларды ретімен орындау, шеңбер ішіне затты лақтыруды; Қолданады: кимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау дағдылары, алаң кеңістігінде бағдарлай білу, бір қатар сапка тұруды. Құрал-жабдықтар: мұз жол, қарағай бүрі, қарағай бүрі салынған дорба, диаметрі 1 метр болатын 3 дана құрсау.
--	---	--	--	--	---

	сүйеніп төрттағандап еңбектеу дағдыларын. Құрал-жабдықтар: «Құртақан» бұрамалы ойыншығы, пластмасса шарлар (әр балаға екіекіден) салынған қорап, таспалар, құрсау бағана – 3 дана, модуль				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бакылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№ 64 Көркем сөз. Көгершін Көк көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін. Балалар жем себелік, Жем жесін де семірсін.				№ 65 Еңбек: Ойын алаңының кокыстарын жинау. Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен аткару. Көркем сөз. Жұмбақ. Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (су)
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі.				Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қояндар мен қасқыр»

	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Торғай мен мысық» Мақсаты: Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.				Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.
Түскі ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ас алдында айтылатын тақпақ: Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.				Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Әлді әлді» Музыка				Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балақан» Музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				

Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулау (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Сөйлеуді дамыту «Наурыз жыл басы!» Мақсаты: Балаларға Наурыз туралы сурет бойынша жұмыс жасау.				Қоршаған ортамен таныстыру Жапсыру «Қызғаншақ конжықтар» Мақсаты: Қонжықтар туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, конжықтардың бейнесін қағаз бетіне түсіре білуге үйрету.
Балалармен жеке жұмыс	«Секіреміз топ-топ» Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп-көп. Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш, Иілеміз солға қарай бір,екі,үш. Шапағат, Махамбет, Іңкәр.				Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Ақтоты, Ислам ,
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	№ 64 Көркем сөз: Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі томпайып,				№ 65 Балалардың өз бетімен ойынын ұйымдастыру: 1.Жарысу. 2.Төбешікке секіру. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Балаларды ептілікке , шапшаңдыққа үйрету.

	Шиық-шиық десіп отырады.				
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.				
Кешкі ас	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Сенсорика «Дәл осындай пішінді тап» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.				«Бізге кім келгенін тауып ал» Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту. Сөйлеуді дамыту
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тексерілді:

Бөбекжай директоры:

Г.С.Узақбаева

«_____» _____ 2023. жыл.